КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 23 сәуір №5265-26-00-2/738 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Дербисова,
сот отырысының хатшысы Б.Муталиповтың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Мейірім" мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау" қоғамдық бірлестігі

ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.А.Сабыржанов
Жауапкердің өкілі С.А.Силахудинов
Үшінші тұлғаның өкілі М.А.Байжиенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 15 қазанда ашық конкурс тәсілімен жарияланған №15473957-1 «Шымкент қаласы Абай ауданы Шымсити шағынауданы Дамдес тұрғын үй кешені мекенжайы бойынша балалар алаңшасын орнату» мемлекеттік сатып алу конкурсына «Мейірім» мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау» қоғамдық бірлестігі (әрі қарай – Қоғамдық бірлестік) қатысқан.

Қоғамдық бірлестік конкурстық өтінімінде біліктілік талаптары бойынша материалдық ресурста талап етілген кран-манипуляторлық

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қондырғысы бар бортты автокөлікті растайтын құжат ретінде азамат Примбеков Бекжан Эсанбековичтен 2025 жылғы 15 қазандағы жалға алу келісім шартын тіркеген.

Ол бойынша «Mercedes Benz 2524», мемлекеттік тіркеу номері 580AVN05, шанақ №WDB6534271K217365, техникалық төлқұжат №AT99957063 автокөлігін (әрі қарай – автокөлік) жалға алған.

Шымкент қаласы полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының 2025 жылғы 6 қарашадағы хатына сәйкес автокөлік Б.Э.Примбековтің атына 2023 жылы 21 желтоқсанда тіркеліп, 2024 жылы 9 қазанда есептен шығарылған.

Талап қоюшы Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Мекеме) сотқа талап арыз беріп, жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан кезде анық емес ақпарат бергенін көрсетіп мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қою арызына келтірген қарсылықта талап қоюды мойындамай, «Мейірім» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысқанымен, конкурс жеңімпазы болып танылмаған. Тапсырыс беруші арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалмаған, сондықтан жауапкер тарапында өнім беруші ретінде шарттық міндеттемелерді орындау міндеті туындамаған деп көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Департамент) талап қою арызына келтірген пікірде «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 24 қазандағы №42-05-18/786 жолданған хаты арқылы ашық конкурс тәсілімен жарияланған №15473957-1 «Шымкент қаласы Абай ауданы Шымсити шағынауданы Дамдес тұрғын үй кешені мекенжайы бойынша балалар алаңшасын орнату» мемлекеттік сатып алуды тексерген кезде әлеуетті өнім беруші «Мейірім» мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау» қоғамдық бірлестігі Б.Э.Примбековтен жалға алынған кран-манипуляторлық қондырғысы бар бортты «Mercedes Benz 2524» автокөлігі 2023 жылы 21 желтоқсанда тіркеліп, 2024 жылы 9 қазанда есептен шығарылған. Қоғамдық бірлестік жалған мәліметтер ұсынғаны белгілі болуына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі А.А.Сабыржанов сотта талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрайды.

Жауапкердің өкілі С.А.Силахудинов сот отырысында талапты мойындамай қарсылықта көрсетілген негіздермен талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі М.А.Байжиенов сотта пікірде көрсетілген негіздермен талапты қанағаттандыруды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 30.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2026, судья Сейтжанұлы С., 07.07.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 8-бабының 4-тармағына 1) тармақшасына (әрі қарай – Заң) сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпаратты беру фактісін анықтаған уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде:

1) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғаннан кейін анықталған болса, тапсырыс берушіні;

2) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін анықталған болса, ұйымдастырушыны, бірыңғай ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте жазбаша хабарламаға осы фактіні растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандарға қарағанда Қоғамдық бірлестік 2025 жылғы 15 қазанда жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан.

Жауапкер конкурстық өтінімінде біліктілік талаптары бойынша материалдық ресурсқа азамат Б.Э.Примбековтен 2025 жылғы 15 қазандағы жалға алу келісім шартымен жалданған «Mercedes Benz 2524» автокөлік құжатын тіркеген.

Алайда Шымкент қаласы полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының 2025 жылғы 6 қарашадағы хатына сәйкес автокөлік Б.Э.Примбековтің атына 2023 жылы 21 желтоқсанда тіркеліп, 2024 жылы 9 қазанда есептен шығарылғаны анықталған.

Бұл ретте жауапкердің жеңімпаз деп танылмай және шарт жасаспай, тек сатып алуға қатысуы мемлекеттік сатып алу жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз болып табылмайды деген уәжін сот негізсіз деп табады.

Жауапкер тапсырған біліктілік талабында тіркелген құжаттың, яғни жалға алу шартының анық емес екені жоғарыда көрсетілгендермен сотта өз дәлелін тапты.

Әлеуетті өнім беруші аталған жалға алу келісім шартын тіркеп, біліктілік талаптары бойынша басқа конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушілердің алдында үстемдік алған.

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 30.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2026, судья Сейтжанұлы С., 07.07.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңының 8-бабының 4-тармағына 1) тармақшасына сәйкес анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы болып табылатыны нақты көрсетілгеніне байланысты, талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға сот келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 109-бабының негізінде жауапкерден мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Мейірім" мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау" қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы – қанағаттандырылсын.

"Мейірім" мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау" қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Мейірім" мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау" қоғамдық бірлестігінен мемлекеттің пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілісін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья А.М.Дербісова

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 30.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2026, судья Сейтжанұлы С., 07.07.2026